Газет облыстық ішкі саясат департаментінің тапсырысы бойынша шығуда



[illegible]

# ЖАСТАР дауысы

№1 (97) 15.01.2007 ж.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТ

# Менде құпия сыр көп

XY ғ. денесінде меңі бар адамды сайтан сабалаған деп санады. Ал осындай белгісі бар әйелдерді өртеуге дейін барды.

XYIII ғ. Шолпан жұлдызының беті меңмен безендірілген деген сенім жайлады да жебеуші меңді сыйға тартпаған әйелдер меңді қолдан жасауға көшті. Бүгінгі күндері меңге қарап адамның мінез-құлқын және тағдырын дәл айтып беретін болсада, оған онша көп мән бермейді.

***Әйелдердің меңі.***

Қасында — оң қасында - тұрмысқа ерте шығады әрі бақытты болады.

Сол қасында — бәрі керісінше.

Көздің айналасында — көздің шетіндегі мең байсалдылықты танытады.

Бетте. оң жақта — махаббаттың отына күйіп-жанады.

Сол жақта — табысқа жету жолында талай қиындықтарға душар болады.

Мұрынның ұшында: әр түрлі айламен табысты уысында ұстайды.

Ерінде: менезі ақтарқын болғаны. Сезімтал, байлыққа бас имейді, өзіне артық жауапкершілік алмайды.

Мең жоғарғы ернінде болса — бұл нәзіктіктің белгісі, ернінің астында болса — махаббатта өзімшілдігі басым болғаны.

Төсіңізде: оң жағында — басын тауға да, тасқа да соғады. Бір кез құлдырап төмен түседі. Ал мең сол жақта болса — кеңпейіл, сонымен бірге менезі жеңілдеу болғаны.

Мақыныңызда: оң жағында — балалы-шағалы боласыз. Мең үлкен болса, үрім-бұтағыңыз көп болғаны.

Иығыңызда: жолыңыз болғыш келеді.

Сол жақ иығыңызда болса, қаржыдан қиындық көресіз.

Білезікте: өзіңізді қызықтыратын жұмыс бабында жоғарылау, бақытқа бөленіп, байлыққа ие боласыз.

Қолыңызда: Сізде бақыт пен байлыққа бастайтын тамаша дарын болғаны.

Жіліншекте: ешкімге тәуелді болмау, еңбек сүйгіш.

***Еркектердің меңі***

Маңдайыңызда: оң жақта болса даңқ пен бақыт әкеледі. Сол жақта болса ақшадан қиындық көресіз, бірақ ортасында бақытты махаббатқа келесіз.

Құлағыңызда: еш нәрседен қам жемейсіз.

Мойныңызда: егер мең бір шетінде болса сіздің тартар тауқыметіңіз көп болады, ал алдыңғы жағында болса, бас айналарлықтай биікке көтеріледі.

Иегіңізде: айналаңыздағылар адамдардың сый-құрметіне сын құрметіне бөленесіз.

Шықшытыңызда: әсіресе сол жағыңызда денсаулығыңыздың жоқтығы және өміріңіздің қалай болса-солай өтетіндігі.

Иығыңызда: сіздің өміріңіз қиындыққа толы келеді, бірақ, өзгеше еңбек етесіз.

Қабырғаңызда: оң жақта болса, жасқаншақтығыңызды көрсетеді. Әрі өзіңізді көп жағдайда дөрекілеу ұстайсыз. Сол жақта болса, солардың орнын әзіл-оспақпен толтырасыз.

Жауырыныңызда: сіз ашық, таза адамсыз.



Табаныңызда: Мең екі табаныңызда болса, сіз жиһангерлікті ұнатасыз. Ал тек оң табаныңызда болса, онда алға қойған арманыңызға жетесіз, сіз ақылды да, арманшылсыз.

*Дайындаған: Мөлдір Баймаханбетова, ОҚГЭК-тің III курс студенті.*